

**PRO**

**GPB18V-3C | GPB18V-3SC**



## Еуразия экономикалық одағына (Кеден одағына) мүше мемлекеттер аумағында қолданылады

Өндірушінің өнім үшін қарастырған пайдалану құжаттарының құрамында пайдалану жөніндегі осы нұсқаулық, сонымен бірге қосымшалар да болуы мүмкін.

Сәйкестікті растау жайлы ақпарат қосымшада бар.

Өнімді өндірген мемлекет туралы ақпарат өнімнің корпусында және қосымшада көрсетілген.

Өндірілген мерзімі бұйым корпусында көрсетілген.

Импорттерге қатысты байланыс ақпарат өнім қаптамасында көрсетілген.

### Өнімді пайдалану мерзімі

Өнімнің қызмет ету мерзімі 7 жыл. Өндірілген мерзімнен бастап (өндіру күні зауыт тақтайшасында жазылған) істетпей 5 жыл сақтағаннан соң, өнімді тексерусіз (сервистік тексеру) пайдалану ұсынылмайды.

### Қызметкер немесе пайдаланушының қателіктері мен істен шығу себептерінің тізімі

- тұтқасы мен корпусы бұзылған болса, өнімді пайдаланбаңыз
- өнім корпусынан тікелей түтін шықса, пайдаланбаңыз
- тоқ сымы бұзылған немесе оқшаулаусыз болса, пайдаланбаңыз
- жауын – шашын кезінде сыртта (далада) пайдаланбаңыз
- корпус ішіне су кірсе құрылғыны қосушы болмаңыз
- көп ұшқын шықса, пайдаланбаңыз
- қатты діріл кезінде пайдаланбаңыз

### Шекті күй белгілері

- тоқ сымының тозуы немесе зақымдануы
- өнім корпусының зақымдалуы

### Қызмет көрсету түрі мен жиілігі

Әр пайдаланудан соң өнімді тазалау ұсынылады.

### Сақтау

- құрғақ жерде сақтау керек
- жоғары температура көзінен және күн сәулелерінің әсерінен алыс сақтау керек
- сақтау кезінде температураның кенет ауытқуынан қорғау керек
- орамасыз сақтау мүмкін емес
- сақтау шарттары туралы қосымша ақпарат алу үшін MEMCT 15150-69 (шарт 1) құжатын қараңыз

### Тасымалдау

- тасымалдау кезінде өнімді құлатуға және кез келген механикалық ықпал етуге қатаң тыйым салынады
- босату/жүктеу кезінде пакетті қысатын машиналарды пайдалануға рұқсат берілмейді.
- тасымалдау шарттары талаптарын MEMCT 15150-69 (5 шарт) құжатын оқыңыз.

## Қауіпсіздік нұсқаулары



### Барлық қауіпсіздік техникасының нұсқауларын және ескертпелерді оқып шығыңыз.

Қауіпсіздік техникасының нұсқауларын және ескертпелерді сақтамау ток соғуға, өртке және/немесе ауыр жарақаттануға әкелуі мүмкін.

**Қауіпсіздік техникасының нұсқаулары мен ескертпелерді болашақ жұмыстар үшін сақтап қойыңыз.**

- **Радио қабылдағышты әр пайдалану алдында тексеріңіз. Зақымдар байқалған жағдайда, радио қабылдағышты пайдаланбаңыз. Радио қабылдағышты өз бетіңізбен ашпаңыз, оны тек білікті маманға және түпнұсқа қосалқы бөлшектерді пайдаланып жөндетіңіз. Зақымдалған радио қабылдағыштар ток соғу қаупін арттырады.**



**Радио қабылдағышты жаңбырдан немесе ылғалдан қорғаңыз.** Радио қабылдағыштың ішіне су кірсе, ток соғу қаупі артады.

- **Аккумуляторды өзгертпеңіз және ашпаңыз.** Қысқа тұйықталу қаупі бар.
- **Аккумулятор зақымдалған немесе дұрыс пайдаланылмаған жағдайда, одан бу шығуы мүмкін. Аккумулятор жанып немесе жарылып қалуы мүмкін.** Таза ауа ішке тартыңыз және шағымдар болса, дәрігердің көмегіне жүгініңіз. Бу тыныс алу жолдарын тітіркендіруі мүмкін.
- **Аккумулятор дұрыс пайдаланылмаған немесе зақымдалған жағдайда, аккумулятордан сұйықтық ағуы мүмкін. Оған тимеңіз. Кездейсоқ теріге тигенде, сол жерді сумен шайыңыз. Сұйықтық көзге тисе, медициналық көмек алыңыз.** Аккумулятордағы сұйықтық теріні тітіркендіруі немесе күйдіруі мүмкін.
- **Шеге немесе бұрауыш сияқты ұшты заттар немесе сыртқы әсер арқылы аккумулятор зақымдануы мүмкін.** Бұл қысқа тұйықталуға алып келіп, аккумулятор жануы, түтін шығаруы, жарылуы немесе қызып кетуі мүмкін.
- **Пайдаланылмайтын аккумуляторды түйіспелерді тұйықтауы мүмкін қыстырғыштардан, тиындардан, кілттерден, шегелерден, винттерден және басқа ұсақ темір заттардан сақтаңыз.** Аккумулятор

түйіспелерінің арасындағы қысқа тұйықталу күйіктерге немесе өртке әкелуі мүмкін.

- **Аккумуляторды тек өндіруші өнімдері үшін пайдаланыңыз.** Сол арқылы аккумуляторды қауіпті, артық жүктеуден сақтайсыз.
- **Аккумуляторлық батареяны тек өндіруші көрсеткен зарядтау құрылғысымен зарядтаңыз.** Зарядтау құрылғысы белгілі бір аккумуляторлар түріне арналған, оны басқа аккумуляторларды зарядтау үшін пайдалану өрт қаупін тудырады.



Аккумуляторды, жылудан, сондай-ақ, мысалы, үздіксіз күн жарығынан, оттан, кірден, судан және ылғалдан қорғаңыз.



Жарылыс және қысқа тұйықталу қаупі туындайды.



Bluetooth® сөз белгісі, сондай-ақ графикалық белгілер (логотиптер) Bluetooth SIG, Inc. корпорациясының тіркелген сауда белгілері және жеке меншігі болып табылады. Осы сөз белгісінің/графикалық белгілердің Robert Bosch Power Tools GmbH тарапынан әрбір қолданысы лицензия бойынша жүзеге асырылады.

- **Радио қабылдағышты ұзақ уақыт пайдаланған жағдайда төмен дыбыс деңгейін орнатыңыз.** Ұзақ уақыт аралығындағы жоғары дыбыс деңгейі есту қабілетінің бұзылуына әкелуі мүмкін.
- **Радио қабылдағышты судың тікелей тиюінен қорғаңыз.** Радио қабылдағыштың ішіне су кірсе, ток соғу қаупі артады.
- **Аккумулятор бөлімінің қақпағын және жалғағыштар бөлімінің қақпағын мүмкіндігінше жабық ұстаңыз.** Жабық қақпақтар радио қабылдағышты су мен шаңнан қорғайды.





## Өнім және қуат сипаттамасы

### Көрсетілген құрамды бөлшектер

Көрсетілген құрамдас бөлшектердің нөмірлері суреттердегі радио қабылдағыштың көрсетіліміне қатысты болып келеді.



- (1) Дисплей
- (2) Қосу/өшіру түймесі
- (3) Динамик
- (4) Тасымалдау тұтқасы

- (5) Бағдарламаны сақтау түймелері
- (6) Қадаулы антенна
- (7) SOURCE тұтқасы
- (8)  Дыбысты өшіру түймесі
- (9)  Алға іздеу түймесі
- (10)  Артқа іздеу түймесі
- (11)  Bluetooth® түймесі
- (12) Аккумулятор бөлімінің қақпағы
- (13) Аккумулятор бөлімі қақпағының құлыптау иінірегі
- (14) Аккумулятор бөлімі қақпағының серіппелі элементтері
- (15) Аккумулятор бекіткіші
- (16) USB Type-C® ұясы<sup>A)</sup>
- (17) Жалғағыштар бөлімі
- (18) Аккумуляторды босату түймесі<sup>B)</sup>

(19) Аккумулятор<sup>B)</sup>

(20) Ілгектер

A) USB Type-C® және USB-C® – USB Implementers Forum ұйымының сауда белгілері.

B) Бейнеленген құрамдас бөлшектер стандарттық жеткізу көлеміне кірмейді.

## Индикация элементтері

- (a) Көп функциялы индикатор
- (b) Multi-Speaker Sound индикаторы
- (c) Bluetooth® индикаторы
- (d) Сақтау орнының индикаторы
- (e) Аккумулятор заряды деңгейінің индикаторы
- (f) Дыбысты өшіру индикаторы
- (g) Кідіріс индикаторы
- (h) Уақыт индикаторы (GPB18V-3SC)

## Техникалық мәліметтер

Құрылыс алаңының радио қабылдағышы		GPB18V-3C	GPB18V-3SC
Өнім нөмірі		3 601 DA3 2..	3 601 DA3 3..
<i>Bluetooth®</i>			
– Қызметтік жиіліктер диапазоны	МГц	2402–2480	2402–2480
– Тарату қуаты, макс.	мВт	10	10
– Үйлесімділігі		Bluetooth® 5.4	Bluetooth® 5.4
Күшейткіштің номиналды қуаты	Вт	2 × 10	2 × 10
Қабылдау диапазоны			
– UKW	МГц	87,5–108	87,5–108
– DAB+	МГц	–	174,928–239,200
Зарядтау тогы, макс. (USB Type-C® арқылы сыртқы құрылғылардың қуат көзі)	А	1,5	1,5
Салмағы <sup>A)</sup>	кг	2,1	2,1
Қорғаныс дәрежесі <sup>B)</sup>		IP54	IP54
Зарядтау кезіндегі ұсынылатын қоршаған орта температурасы	°C	0 ... +35	0 ... +35
Жұмыс кезіндегі <sup>C)</sup> және сақтау кезіндегі рұқсат етілген қоршаған орта температурасы	°C	–20 ... +40	–20 ... +40
Үйлесімді аккумуляторлар		GBA18V... GBA 18V... ProCORE18V... EXPERT18V... EXBA18V... CORE18V...	GBA18V... GBA 18V... ProCORE18V... EXPERT18V... EXBA18V... CORE18V...
Ұсынылатын зарядтағыш құрылғылар		GAL18... GAL 18... GAL 36... GAL12V/18... GAL 12V/18... GAX 18... EXAL18...	GAL18... GAL 18... GAL 36... GAL12V/18... GAL 12V/18... GAX 18... EXAL18...

**Power Delivery функциясы бар USB Type-C® штепсельдік қуат блогы (USB-PD, дәстүрлі)**

Құрылыс алаңының радио қабылдағышы		GPB18V-3C	GPB18V-3SC
Шығыс кернеу	B	20	20
Минималды шығыс ток	A	2,25	2,25
Толық функционалдылық үшін ұсынылатын шығыс қуат <sup>D)</sup>	Bt	45	45

A) Аккумуляторсыз (аккумулятор салмағын [www.bosch-professional.com](http://www.bosch-professional.com) веб-сайтында қараңыз)

B) Аккумулятор бөлімінің қақпағы (12) жабық болғанда және жалғағыштар бөлімі (17) жабық болғанда

C) температура < 0 °C болғанда жұмыс күші шектелген көлемде болады

D) Штепсельдік қуат блогының қуаты тым аз болғанда, радио қабылдағыш өшіп қалады.

Мәндер өнімге байланысты өзгешеленуі мүмкін, сондай-ақ пайдалану және қоршаған орта шарттарына бағынуы мүмкін. Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша қараңыз: [www.bosch-professional.com/wac](http://www.bosch-professional.com/wac).

## Қуатпен жабдықтау

Радио қабылдағыштың қуатпен жабдықталуын **Bosch** литий-иондық аккумуляторы (19) арқылы немесе Power Delivery функциясы бар дәстүрлі USB Type-C® штепсельдік қуат блогы (USB-PD) арқылы жүзеге асыруға болады.

## Аккумулятормен бірге пайдалану

**Bosch** компаниясы аккумуляторсыз радио қабылдағыштарды да сатады. Радио қабылдағыштың жеткізілім жиынтығына аккумулятордың кіретін-кірмейтінін қаптамадан анықтауға болады.

► **Тек техникалық мәліметтерде жазылған зарядтағыш құрылғыларды пайдаланыңыз.** Тек қана осы зарядтағыш құрылғылар радио қабылдағышыңызда пайдаланылатын литий-иондық аккумуляторға сәйкес келеді.

❗ Литий-иондық батареялар халықаралық тасымалдау режерелеріне сәйкес ішінара зарядталған күйде жеткізіледі. Аккумулятор өнімділігін қамтамасыз ету үшін оны ең бірінші рет пайдаланбай тұрып толық зарядтаңыз.

## Аккумуляторды алмастыру

- » Аккумулятор бөлімі қақпағының құлыптау иінірегін (13) ашып, аккумулятор бөлімінің қақпағын (12) ашыңыз.
- » Аккумуляторды босату түймесін (18) басып, аккумуляторды (19) аккумулятор бөлімінен тартып шығарыңыз. **Бұл ретте күш салмаңыз.**
- » Зарядталған аккумуляторды аккумулятор бекіткішіне (15) тірелгенше енгізіңіз.
- » Аккумулятор бөлімінің қақпағын (12) жауып, құлыптаңыз.

Айрықша үлкен аккумуляторларды пайдалану үшін аккумулятор бөлімінің қақпағын (12) алып тастауға болады.

- » Бұл ретте аккумулятор бөлімінің қақпағын (12) ашып қойыңыз.

» Бекіткіштің серіппелі элементтерін (14) бір-біріне басып, аккумулятор қақпағын алып тастаңыз.

❗ **Аккумулятор бөлімінің қақпағы орнатылмаған жағдайда, аккумулятор мен аккумулятор бөлімі ылғал мен кірден қорғалмайтындығын ескеріңіз.** Үлкен аккумуляторды шығарып алған соң, аккумулятор бөлімінің қақпағын қайтадан орнатыңыз.

## Аккумулятор заряды деңгейінің индикаторы

Аккумулятор енгізілген кезде, аккумулятор (19) зарядының деңгейін дисплейден, ал аккумулятор шығарылған кезде, аккумулятордың өзінен анықтауға болады.

## Дисплейдегі аккумулятор заряды деңгейінің индикаторы

Аккумулятор заряды деңгейінің индикаторы (e), жеткілікті кернеуге ие аккумулятор енгізіліп, радио қабылдағыш штепсельдік қуат блогы арқылы ток желісіне қосылмаған жағдайда, дисплейде пайда болады.

Индикатор	Қуаты
	80–100%
	60–80%
	40–60%
	20–40%
	5–20%
	0–5%


## Аккумулятордағы аккумулятор заряды деңгейінің индикаторы

Аккумулятор радио қабылдағыштан шығарылса, заряд деңгейін аккумулятордағы заряд деңгейі индикаторының жасыл түсті жарық диодтары арқылы қарап шығуға болады.

Заряд деңгейін көрсету үшін заряд деңгейінің индикаторына арналған немесе түймесін басыңыз.



Заряд деңгейінің индикаторына арналған түймені басқаннан кейін, ешқандай жарық диоды жанбаса, бұл аккумулятордың ақаулы және оны ауыстыру керек екендігін білдіреді.

 Әр аккумулятор түрінде лазер күйінің индикаторы бар бола бермейді.

#### Аккумулятор түрі GBA 18V... | GBA18V...



Жарық диоды	Қуаты
Үздіксіз жарық 3× жасыл	60–100%
Үздіксіз жарық 2× жасыл	30–60%
Үздіксіз жарық 1× жасыл	5–30%
Жыпылықтайтын жарық 1× жасыл	0–5%

#### Аккумулятор түрі ProCORE18V... | EXPERT18V... | EXBA18V... | CORE18V...




Жарық диоды	Қуаты
Үздіксіз жарық 5× жасыл	80–100%
Үздіксіз жарық 4× жасыл	60–80%
Үздіксіз жарық 3× жасыл	40–60%
Үздіксіз жарық 2× жасыл	20–40%
Үздіксіз жарық 1× жасыл	5–20%
Жыпылықтайтын жарық 1× жасыл	0–5%

## Аккумулятордың бұзылу қаупін анықтау

#### EXPERT18V... | EXBA18V...

Аккумулятор заряды деңгейі индикаторының жарық диодтары аккумулятордың заряд деңгейіне қоса аккумулятордың бұзылу қаупін де көрсете алады.

Функцияны іске қосу үшін заряд деңгейінің индикаторына арналған түймені  3 секунд басып тұрыңыз.

Аккумуляторды талдау процесі туралы аккумулятор заряды деңгейі индикаторының жылжымалы жарығы сигнал береді. Нәтиже аккумулятор заряды деңгейінің индикаторында көрсетіледі.



**1 жарық диоды:** аккумулятордың бұзылу қаупі жоғары. Қуат пен жұмыс

істеу уақыты айтарлықтай азаюы мүмкін. Аккумуляторды алмастыруға кеңес беріледі.



**5 жарық диоды:** аккумулятор жақсы күйде және бұзылу қаупі төмен.

**Назар аударыңыз:** аккумулятордың бұзылу қаупін бағалау әрекеті екі кезең бойынша орындалады және аккумулятор күйін бағалаудың жеңілдетілген әдісін

ұсынады. Аккумулятор не жақсы күйде болып бағаланады, не қатты бұзылу қаупіне ие болады. Батарея заряды деңгейінің пайызы көрсетілмейді.

## Аккумуляторды оңтайлы пайдалану туралы нұсқаулар

Аккумуляторды сұйықтықтардан және ылғалдан қорғаңыз.

Аккумуляторды тек –20 °C ... 50 °C температура ауқымында сақтаңыз. Аккумуляторды жазда көлікте қалдырмаңыз.

Аккумулятордың желдету тесігін жұмсақ, таза және құрғақ қылшақпен мұқият тазалаңыз.

Пайдалану мерзімінің айтарлықтай қысқаруы аккумулятордың ескіргенін және ауыстыру керектігін білдіреді.

Қоқыстарды қайта өңдеу туралы нұсқауларды орындаңыз.


## Штепсельдік қуат блогымен пайдалану

- **Желілік кернеуге назар аударыңыз!** Ток көзінің кернеуі штепсельдік қуат блогының фирмалық тақтайшасындағы мәліметтерге сәйкес келуі тиіс.
- **Желілік режим үшін тек Power Delivery функциясы бар USB Type-C® штепсельдік қуат блогын (USB-PD) пайдаланыңыз.** Ол бастапқы кернеу, минималды шығыс кернеу мен бастапқы қуат бойынша "Техникалық мәліметтер" тарауындағы талаптарға сәйкес келуі керек. Штепсельдік қуат блогының пайдалану бойынша нұсқаулығын қараңыз. Басқа штепсельдік қуат блоктары пайдаланылған жағдайда, радио қабылдағыш зақымдалуы мүмкін. Штепсельдік қуат блогының қуаты тым аз болғанда, радио қабылдағыш өшіп қалады.

» Жалғағыштар бөлімінің **(17)** қақпағын ашыңыз.

» Штепсельдік қуат блогын жарамды кабель арқылы радио қабылдағыштың USB Type-C® ұясына **(16)** жалғаңыз.


» Штепсельдік қуат блогын электр желісіне жалғаңыз.

 Ластанудан қорғау үшін жалғағыштар бөлімінің **(17)** қақпағын, штепсельдік қуат блогының кабелін шығарғаннан кейін жауып қойыңыз.


Радио қабылдағыш штепсельдік қуат блогы арқылы электр желісіне қосылғаннан кейін, аккумулятор салынған болса да, қуатпен жабдықтау штепсельдік қуат блогы арқылы жүзеге асырылады.

## Аудио режим

### Қосу/өшіру

- » Радио қабылдағышты қосу үшін  тұтқасын басыңыз.
- Дисплей **(1)** іске қосылып, радио қабылдағышты соңғы рет өшірген кезде реттелген аудио көзі ойнатылады.

Дисплей **(1)**, түймені әр басқан сайын бірнеше секундқа жанады.



- » Радио қабылдағышты өшіру үшін  тұтқасын қайта басыңыз.
- Аудио көзінің ағымдағы реттеуі жадта сақталады.

Радио қабылдағыш мына жағдайларда 19 минуттан кейін автоматты түрде өшіп қалады:

- Bluetooth® арқылы байланыс орнату мүмкін болмаса,
- Multi-Speaker Sound арқылы ойнату кезінде ешқандай трансляция табылмаса,
- Bluetooth® немесе Multi-Speaker Sound арқылы ешнәрсе ойнатылмаса (немесе ойнату кідірілген болса),
- радио қабылдағыштағы дыбыс деңгейі 0 мәніне орнатылған болса,
- радио қабылдағыштағы дыбыс өшірілген болса немесе
- ойнататын құрылғыдағы (мысалы, смартфон) дыбыс деңгейі 0 мәніне орнатылған болса.

### Дыбыс деңгейін реттеу




Радио қабылдағышты қосқаннан кейін, әрдайым төмен дыбыс деңгейі орнатылады.

- » Дыбыс деңгейін көтеру үшін  тұтқасын сағат тілінің бағытымен бұраңыз.
- » Дыбыс деңгейін төмендету үшін  тұтқасын сағат тілінің бағытына қарсы бұраңыз.
- **<VL>** немесе **<Volume>** дыбыс деңгейінің реттеуі 0 және 16 аралығындағы мәнмен бірге көп функциялы индикаторда **(a)** бірнеше секундқа пайда болады.

Радио қабылдағышты реттеуден немесе алмастырудан бұрын дыбыс деңгейін төмен мәнге, ал сыртқы аудио көзін іске қосудан бұрын орташа мәнге орнатыңыз.

Дыбыс деңгейін әркез өзгертуге болады. Егер реттеу мәзірі іске қосылған болса, индикатор дыбыс деңгейін өзгерткеннен кейін бірнеше секунд ішінде мәзірге қайтады.



### Радио қабылдағыштың дыбысын өшіру:

- » Дыбыстық сигналды өшіру үшін  түймесін басыңыз.
- » Дыбыстық сигналды қосу үшін не  түймесін қайтадан қысқаша басыңыз, не  тұтқасын сағат тілінің бағытымен бұраңыз.

## Аудио көзін таңдау

- » SOURCE тұтқасын басыңыз.
- » SOURCE тұтқасын, қажетті аудио көзі дисплейде көрсетілгенше бұраңыз.
- » Аудио көзін растау үшін SOURCE тұтқасын басыңыз.

Төмендегі аудио көздері қолжетімді:

- GPB18V-3SC: DAB+ арқылы цифрлық радио (көп функциялы индикатордағы **(a)** **<DAB>** индикаторы)
- UKW арқылы аналогтік радио (көп функциялы индикатордағы **(a)** **<FM>** индикаторы)
- Bluetooth® қосылымы арқылы сыртқы аудио көзі (мысалы, смартфон) ( индикаторы)
- Multi-Speaker Sound арқылы ойнату ( индикаторы)



### DAB+ радио станциясын реттеу/сақтау (GPB18V-3SC)

- » SOURCE тұтқасының көмегімен **<DAB>** көзін аудио көзі ретінде таңдаңыз.
- Қысқа мерзімді баптандырудан кейін, соңғы реттелген радио станция ойнатылады.

Көп функциялы индикатордың **(a)** жоғарғы жолағында **<DAB>** және радио станцияның атауы, ал төменгі жолағында станция тарататын контент көрсетіледі.

### Радио станцияны ауыстыру:

- » SOURCE тұтқасын, қажетті станция дисплейде көрсетілгенше бұраңыз.
- » Таңдауды растау үшін SOURCE тұтқасын басыңыз.
- Радио қабылдағыш таңдалған станцияға ауысады.

Станцияны ауыстыру үшін  немесе  түймесін де басуға болады. Радио қабылдағыш келесі қолжетімді станцияға ауысады (алфавиттік реттілік бойынша төмен немесе жоғары қарай).

### Радио станцияны сақтау:



- » Қалаулы сақтау орнының бағдарламаны сақтау түймесін **(5)**, сақтау орнының индикаторындағы **(d)** сақтау орнының нөмірі пайда болғанша басыңыз.

### Сақталған радио станцияны ойнату:

- » Бағдарламаны сақтау түймелерінің **(5)** бірін қысқаша басыңыз.
- Сақтау орнының индикаторында **(d)** сақтау орнының нөмірі пайда болады.

### Әлсіз радио сигнал:

Радио сигнал әлсіз болғанда, **<Weak Signal>** индикаторы көп функциялы индикаторда **(a)** пайда болады. Бұл жағдайда DAB+ станциясын іздеу әрекетін қолмен іске қосуға болады.

- »  түймесі мен  түймесін **(AUTO SCAN)** бір уақытта басыңыз.

Сондай-ақ станцияны іздеу әрекетін реттеу мәзірінде **<DAB Auto Scan>** таңдау тармағын арқылы да іске қосуға болады (қараңыз „Реттеулерді өзгерту“, Бет 10).

Егер DAB+ радио станциясы табылмаса, **<No Station found – Start Auto Scan>** индикациясы (станция табылмады – автоматты іздеуді іске қосыңыз) көп функциялы индикаторда **(a)** пайда болады.

## UKW радио таратқышын реттеу/ жадқа сақтау

» SOURCE тұтқасының көмегімен **<FM>** көзін аудио көзі ретінде таңдаңыз.

→ GPB18V-3SC: көп функциялы индикаторда **(a)** **<FM>** индикациясы мен радио станция жиілігі пайда болады.

→ GPB18V-3SC: көп функциялы индикатордың **(a)** жоғарғы жолағында **<FM>** және радио станцияның жиілігі мен атауы, ал төменгі жолағында станция тарататын контент көрсетіледі.

### Белгілі бір станцияны реттеу:

» SOURCE тұтқасын, қажетті жиілік дисплейде көрсетілгенше бұраңыз.

### Жоғарырақ сигнал қуатына ие келесі станцияны іздеу:

»  түймесін немесе  түймесін басыңыз.

→ Табылған келесі станция дисплейде көрсетіледі және ойнатылады.

### Радио станцияны сақтау:

» Қалаулы сақтау орнының бағдарламаны сақтау түймесін **(5)**, сақтау орнының индикаторындағы **(d)** сақтау орнының нөмірі пайда болғанша басыңыз.

### Сақталған радио станцияны ойнату:


» Бағдарламаны сақтау түймелерінің **(5)** бірін қысқаша басыңыз.

→ Сақтау орнының индикаторында **(d)** сақтау орнының нөмірі пайда болады.


## Қадаулы антеннаны туралау

Радио қабылдағыш орнатылған қадаулы антеннамен **(6)** бірге жеткізіледі. Радио жұмыс режимінде қадаулы антеннаны ең жақсы сигнал қабылдауға мүмкіндік беретін бағытқа бұраңыз.

Жеткілікті сигнал қабылдау мүмкін болмаса, радио қабылдағышты жақсырақ қабылдау мүмкіндігіне ие жерге қойыңыз.


 Радио қабылдағышты радио жабдықтардың, радио құрылғылардың немесе басқа электрондық құрылғылардың ортасында пайдаланған кезде, радио сигналдың қабылдануына кедергі жасалуы мүмкін.

## Сыртқы аудио көздерін Bluetooth® арқылы ойнату

» Аудио көзін (мысалы, смартфон) *Bluetooth®* арқылы ойнату үшін  түймесін қысқаша басыңыз.

→ Дисплейде  индикаторы пайда болады.

Болмаса, *Bluetooth®* аудио көзін SOURCE тұтқасының көмегімен таңдауға болады.


*Bluetooth®* арқылы аудио көзі қосылғаннан кейін,  индикаторы үздіксіз жанып тұрады.

GPB18V-3SC: көп функциялы индикатордың **(a)** жоғарғы жолағында *Bluetooth®* арқылы қосылған құрылғының атауы, ал төменгі жолағында қосылған құрылғы тарататын контент көрсетіледі.

### Байланысты қайта орнату:

Сақталған аудио көздері қолжетімсіз болғанда немесе аудио көзінен *Bluetooth®* арқылы байланыс аяқталып, жаңа аудио көзін іздеу керек болғанда, байланысты іздеу процесін бастаңыз.

»  түймесін 0,5 секундтан ұзақ басыңыз (**PAIRING**).


→ Байланысты іздеу кезінде  индикаторы жыпылықтайды.

GPB18V-3SC: көп функциялы индикаторда **(a)** **<Pairing>** индикациясы көрсетіледі.

» Сыртқы аудио көзі арқылы жаңа байланысты іске қосыңыз.


Іске қосу әрекетін смартфондарда көбінесе *Bluetooth®* мәзіріндегі реттеулердің ішінде орындауға болады. Радио қабылдағыш **GPB18V-3SCxxxx** немесе **GPB18V-3SCxxxx** атауымен қолжетімді көз ретінде көрсетіледі. Бұл ретте аудио көзінің/смартфонның пайдалану бойынша нұсқаулығын қараңыз.

### Қайта байланыс орнату:


Егер радио қабылдағыш сыртқы аудио көзімен (мысалы, смартфон) *Bluetooth®* арқылы әлдеқашан байланыстырылған болса және бұл аудио көзі қолжетімді болса, онда осы аудио көзімен байланыс автоматты түрде орнатылады. Байланыс орнату кезінде  индикаторы жыпылықтайды.

GPB18V-3SC: көп функциялы индикаторда **(a)** **<Connecting>** индикациясы көрсетіледі.

Сақталған аудио көзі қолжетімсіз болса, 2 минуттан кейін байланысты іздеу процесі автоматты түрде басталады.

 *Bluetooth®* арқылы байланыс орнату мүмкін болмаса, радио қабылдағыш 19 минуттан кейін автоматты түрде өшіп қалады.

» Аудио көзінен *Bluetooth®* арқылы ойнатуды бастаңыз.

 Егер *Bluetooth®* арқылы жұмыс режимінде бағдарламаны сақтау түймелерінің **(5)** бірі басылса, радио қабылдағыш соңғы рет пайдаланылған радио жұмыс режимінде сақталған станцияға ауысады.



## Сыртқы аудио көздерін Bluetooth® арқылы басқару

Bluetooth® арқылы қосылған аудио көзін радио қабылдағыш арқылы да басқаруға болады.

- ❶ Алдымен аудио көзінде ойнатуды іске қосу керек.

### Тректі таңдау:

- » түймесін немесе түймесін, қалаулы трекке жеткенше басыңыз.
- Таңдалған тректің ойнатылуы автоматты түрде іске қосылады.

### Ойнатуды тоқтату:

- » түймесін басыңыз.
- Дисплейде кідіріс индикаторы (g) пайда болады.

### Ойнатуды жалғастыру:

- » түймесін қайта басып, дыбыс деңгейін тұтқасы арқылы өзгертіңіз немесе түймесін немесе түймесін басыңыз.

### Бір тректің ішінде алға немесе кері айналдыру:

- » түймесін немесе түймесін, тректегі қажетті жерге жеткенше басып тұрыңыз.

## Сыртқы аудио көздерін Multi-Speaker Sound арқылы ойнату

Multi-Speaker Sound жүйесі Bluetooth® арқылы бірдей стандартқа қолдау көрсететін құрылғылардың (мысалы, GPB 18V-1 C, GPB 18V-6 C) кез келген санына ағындық байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

- » SOURCE тұтқасының көмегімен Multi-Speaker Sound жүйесін аудио көзі ретінде таңдаңыз.
- Дисплейде индикаторы пайда болады.
- GPB18V-3SC: көп функциялы индикатордың (a) жоғарғы жолағында <Multi-Speaker Sound> индикациясы көрсетіледі.

Multi-Speaker Stream қолжетімді болса, осы трансляциямен байланыс автоматты түрде орнатылады. Байланыс орнату кезінде индикаторы жыпылықтайды. Байланыс сәтті орнатылса, индикаторы үздіксіз жанып тұрады.

Аудио көзінен ойнатуды бастаңыз және басқарыңыз.

Аудио көзі мен радио қабылдағыш арасындағы дыбыс деңгейі, радио қабылдағыштағы дыбыс деңгейі өзгертілген сайын синхрондалып тұрады (аудио көзі дыбыс деңгейіне сәйкес келеді). Дыбыс деңгейінің синхрондалуын қалпына келтіру үшін Multi-Speaker Sound арқылы байланысты қайта іске қосыңыз.

- » Байланысты қайта іске қосу үшін SOURCE тұтқасының көмегімен Multi-Speaker Sound аудио көзін қайта таңдаңыз.

- ❶ Егер трансляцияны ойнату кезінде бағдарламаны сақтау түймелерінің (5) бірі басылса, радио қабылдағыш соңғы рет пайдаланылған радио режимінде сақталған станцияға ауысады.

## Multi-Speaker Sound арқылы ағымдағы ойнатуды көшіру

Аудио көзі Bluetooth® арқылы ойнатылса, бұл ойнату процесін басқа құрылғыларға Multi-Speaker Sound функциясының (мысалы, GPB 18V-1 C, GPB 18V-6 C) көмегімен көшіруге болады.

- ❶ Басқа аудио көздерін Bluetooth® ретінде Multi-Speaker Sound арқылы тарату мүмкін емес.


### GPB18V-3C:

- » Multi-Speaker Stream арқылы таратуды **бастау** үшін реттеу мәзірін шақырыңыз (қараңыз „Реттеулерді өзгерту“, Бет 10).
- » <MSS on> (Multi-Speaker Stream функциясын қосу) опциясын таңдаңыз.
- Multi-Speaker Stream арқылы ойнату таратылса, дисплейде индикаторы пайда болады.
- » Multi-Speaker Stream арқылы таратуды **аяқтау** үшін реттеу мәзірін шақырыңыз.
- » <MSS off> (Multi-Speaker Stream функциясын өшіру) опциясын таңдаңыз.
- Дисплейде индикаторы сөнеді.


### GPB18V-3SC:

- » Multi-Speaker Stream арқылы таратуды **бастау** үшін реттеу мәзірін шақырыңыз (қараңыз „Реттеулерді өзгерту“, Бет 10).
- » <MSS Settings> (Multi-Speaker Stream реттеулері) опциясын таңдаңыз.
- Көп функциялы индикаторда (a) <Start Multi-Speaker Stream?> (Multi-Speaker Stream трансляциясын бастау қажет пе?) хабары пайда болады.
- » Трансляцияны бастау үшін <Yes> (Иә) опциясын таңдаңыз.
- » Трансляцияны бастамай мәзірден шығу үшін <No> (Жоқ) опциясын таңдаңыз.
- Multi-Speaker Stream арқылы ойнату таратылса, дисплейде индикаторы пайда болады.
- » Multi-Speaker Stream арқылы таратуды **аяқтау** үшін реттеу мәзірін шақырыңыз.
- » <MSS Settings> (Multi-Speaker Stream реттеулері) опциясын таңдаңыз.



→ Көп функциялы индикаторда **(a) <End Multi-Speaker Stream?>** (Multi-Speaker Stream трансляциясын аяқтау қажет пе?) хабары пайда болады.


- » Трансляцияны аяқтау үшін **<Yes>** (Иә) опциясын таңдаңыз.
- » Трансляцияны жалғастыру үшін **<No>** (Жоқ) опциясын таңдаңыз.
- Multi-Speaker Stream арқылы ойнату аяқталса, дисплейде  индикаторы пайда болады.

## Реттеулерді өзгерту

- » Реттеу мәзірі үшін  түймесін (**SETTINGS**), көп функциялы индикаторда **(a)** мәзір опциялары көрсетілгенше басыңыз.


### Мәзір бойынша шарлау:

- » Мәзір бойынша айналдыру немесе мәнді өзгерту үшін SOURCE тұтқасын бұраңыз.
- » Мәзір реттеуін таңдау немесе сақтау үшін SOURCE тұтқасын басыңыз (**OK**).
- » Ішкі мәзірге ауысу үшін SOURCE тұтқасын басыңыз.
- » Ішкі мәзірден жоғарырақ мәзірге ауысу үшін  түймесін немесе  түймесін басыңыз.
- Егер ең жоғарғы мәзір деңгейіне жетсеңіз, радио қабылдағыш аудио жұмыс режиміне қайтып оралады.

- » Кез келген деңгейдегі мәзір функциясынан шығу үшін  түймесін, радио қабылдағыш аудио жұмыс режиміне оралғанша басыңыз.

Мәзір ішінде 10 секунд ішінде ешқандай түйме басылмаса, радио қабылдағыш аудио режиміне қайтады.

## Мәзір опциялары (GPB18V-3C)

-  Мәзір таңдауы радио қабылдағыш орналасқан аудио жұмыс режиміне ішінара тәуелді болады.


### <EQ>

**Дыбыс мәзірі:** биіктік деңгейін **<TR>** және тереңдік деңгейін **<BA>** –5 және +5 аралығындағы диапазонда реттеуге болады.

**<MSS on>/<MSS off>** (Bluetooth® аудио көзі үшін)

**Multi-Speaker Stream мәзірі:** Multi-Speaker Stream арқылы ағымдағы ойнатудың таратылуын бастауға немесе аяқтауға болады.

## Мәзір опциялары (GPB18V-3SC)

-  Мәзір таңдауы радио қабылдағыш орналасқан аудио жұмыс режиміне ішінара тәуелді болады.


Мәзір ішінде мәзірдің атауы көп функциялы индикатордың **(a)** жоғарғы жолағында, ал таңдауға болатын реттеу – астыңғы жолағында көрсетіледі.

### <Sound Settings>

**Дыбыс мәзірі:** биіктік деңгейін **<Treble>** және тереңдік деңгейін **<Bass>** –5 және +5 аралығындағы диапазонда реттеуге болады.

**<Time Settings>** (**<DAB>/<FM>** аудио көздері үшін)

**Уақыт мәзірі:** 24 сағаттық **<24 Hour Mode>** және 12 сағаттық **<12 Hour Mode>** уақыт форматтарының бірін таңдауға болады.

-  Уақыт, ойнатылатын радио станция уақыт деректерін таратқан жағдайда ғана көрсетіледі.

**<DAB Auto Scan>** (**<DAB>** аудио көзінде)

**Станцияны автоматты түрде іздеу мәзірі:** станцияны автоматты түрде іздеу процесін іске қосуға болады.

**<MSS Settings>** (Bluetooth® аудио көзі үшін)

**Multi-Speaker Stream мәзірі:** Multi-Speaker Stream арқылы ағымдағы ойнатудың таратылуын бастауға немесе аяқтауға болады.

### <Device Info>

**Құрылғы туралы ақпарат мәзірі:** **<Version>** (Нұсқа) ішкі мәзірінде радио қабылдағыштың Bluetooth® атауларын және бағдарламалық пен аппараттық жасақтама нұсқасын қарап шығуға болады.


## Сыртқы құрылғыларды электр қуатымен жабдықтау


### Сыртқы құрылғыларды USB порты арқылы зарядтау

USB Type-C® жалғағышының көмегімен электр қуатымен USB арқылы жабдықтауға болатын құрылғыларды (мысалы, әртүрлі мобильді телефондар) зарядтауға болады. Максималды зарядтау тогы **1,5 A** құрайды.

- » Жалғағыштар бөлімінің **(17)** қақпағын ашыңыз.

- » Сыртқы құрылғының USB жалғағышын жарамды USB кабелі арқылы радио қабылдағыштың USB Type-C® ұясына **(16)** жалғаңыз.

-  Сыртқы құрылғыларды, радио қабылдағыш қосылған және аккумулятор арқылы жұмыс істеген кезде ғана зарядтауға болады.

-  Ластанудан қорғау үшін жалғағыштар бөлімінің **(17)** қақпағын, USB кабелінің ашасын шығарғанда, қайтадан жауып қойыңыз.

## Ілгектер

Ілгектердің **(20)** көмегімен радио қабылдағышты, мысалы, сатыға іліп қоюға болады. Ол үшін ілгектерді қажетті күйге бұраңыз.

## Техникалық күтім және қызмет

### Қызмет көрсету және тазалау

Жақсы әрі сенімді жұмыс істеу үшін радио қабылдағыш пен штепсельдік қуат блогын таза ұстаңыз.

Ластануларды суланған, жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.

Жуғыш заттарды немесе еріткіштерді пайдаланбаңыз.

### Тұтынушыға қызмет көрсету және пайдалану кеңестері

#### Қазақстан

#### Тұтынушыларға кеңес беру және шағымдарды қабылдау орталығы:

Роберт Бош (Robert Bosch) ЖШС

050012 Алматы қ.,

Қазақстан Республикасы

Мұратбаев к-сі, 180

"Гермес" БО, 7 қабат

Тел.: +7 (727) 331 86 00

Тел.: 8 8000 700 270

Сұрақтар қою және қосалқы бөлшектерге тапсырыс беру кезінде міндетті түрде өнімнің фирмалық тақтайшасындағы 10 таңбалы өнім нөмірін беріңіз.

### Тасымалдау

Ұсынылған литий-иондық аккумуляторлар қауіпті тауарларға қойылатын талаптарға бағынады.

Пайдаланушы аккумуляторларды көшеде қосымша құжаттарсыз тасымалдай алады.

Үшінші тараптар (мысалы, әуе немесе жүк тасымалдау компаниясы) орауышқа және таңбаламаға қойылатын арнайы талаптарды сақтауы керек. Жіберілетін жүкті дайындау кезінде қауіпті жүктерді тасымалдау сарапшыларымен хабарласу керек.

Аккумуляторды корпусы зақымдалмаған болса ғана жіберіңіз. Ашық түйіспелерді желімдеңіз және аккумуляторды орамада қозғалмайтындай ораңыз. Қажет болса, қосымша ұлттық ережелерді сақтаңыз.

### Кәдеге жарату

Радио қабылдағыштарды, аккумуляторларды/батареяларды, керек-жарақтар мен орауыштарды қоршаған орта үшін қауіпсіз жолмен қайта өңдеу орнына жіберу қажет.



Радио қабылдағыштарды және аккумуляторларды/батареяларды тұрмыстық қоқысқа тастамаңыз!

### Тек қана ЕО елдері үшін:

Пайдалануға әрі қарай жарамайтын электрлік және электрондық құрылғыларды немесе пайдаланылған аккумуляторларды/батареяларды бөлек жинау және қоршаған орта үшін қауіпсіз жолмен кәдеге жарату керек. Белгіленген қоқыс жинау жүйелерін пайдаланыңыз. Қате жолмен кәдеге жарату құрылғы құрамындағы қауіпті болуы мүмкін заттектерге байланысты қоршаған орта мен денсаулық үшін қауіпті болуы мүмкін.